**БЕКІТЕМІН:**
Тоғанас ауылының негізгі орта мектебінің директоры:
----------- Бокишев Т.Қ
«---»-------- 2022 ж

**КЕЛІСІЛГЕН:**
тәрбие ісі меңгерушісі:
Утебаева Ж.С ----------
«02»------09------- 2022 ж

# Тәрбие жұмысының жоспары
## 2022-2023 оқу жылы

**Сынып жетекшісі:** Утебаева Ж.С
**Сыныбы: 1**

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында 2022 – 2023 оқу жылына арналған 1 «А» сыныбының тәрбие жұмысының жоспары

## I. Мақсаты

Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, девиантты мінез- құлықтардың алдын алу.

## II. Міндеттері:

1.Отанының тағдыры үшін жауапты, белсенді азаматтық позициясы бар Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын қалыптастыру және дамыту.

2. Тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

3. Балалар мен оқушы жастарда адамдарға қатысты адамгершілік тәрбие,қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностар мен этникалық топтар мәдениеті мен дәстүріне құрмет, ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру білігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық қатынастар мәдениетін арттыру.

4.Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлін күшейту.

5. Оқушы жастар арасында әлеуметтік жетімдік, бейәлеуметтік мінез-құлық және идеологиялық экстремизм, нашақорлықты тарату және басқа да келеңсіз құбылыстарды жеңуде қажет шарттарды қамтамасыз ету.

## III. Нәтиже

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт- дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді.Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан- жақты дамытуға тырысу,өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасайды.

# ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады.

**Білім беру - бұл тәрбие мен оқытудың біртұтас жүйесі, бұл екі құрамдас бөлікті бөлуге болмайды. Құнды және жеке тұлғаға бағытталған тәсіл оқу-тәрбие процесінің негізіне жатады.**

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесі алдында ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

**1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.**
**2. Рухани-танымдық тәрбие.**
**3. Ұлттық тәрбие.**
**4. Отбасылық тәрбие.**
**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.**
**6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.**
**7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.**
**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.**

Сабақтан тыс қызмет шеңберінде мынадай тақырыптар іске асырылады.

**1)Отбасы-орта мектеп**
**2)Оқуға құштар мектеп**
**3)Дәстүр мен ғұрып**
**4)Құқықтық сана-қауымға пана**
**5)Еңбек-елдің мұраты**
**6)Үнем-қоғам қуаты**
**7)Ерте жастан экологиялық мәдениет**
**8)Қоғамға қызмет**
**9)Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру**

**Тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырылатын жұмыс**

Тәрбие тұжырымдамасында нақтыланған 8 бағыты бойынша 1- сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыс

**Қыркүйек**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | **1 қыркүйек** Білім сабағының тақырыбы :«Білімге ұмтылу,еңбексүйгіштік және отаншылдық» ашық тәрбие сағаты | Білім сабағы | 01.09.22 | |
| 2 | Рухани – адамгершілік тәрбие | «Ұлттың ұлы ұстазы» Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы | Түсінік жұмыстарын жүргізу | 02.09.22 | |
| 3 | Отбасылық тәрбиесі | «Отбасы- орта мектеп» | Әңгіме сағаты | 09.09.22 | |
| 4 | Ұлттық тәрбие | «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» | Танымдық сабақ | 16.09.22 | |
| 5 | Рухани – адамгершілік тәрбие | «Бала Мұхтар» Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығы | Әңгіме | 23.09.22 | |
| 6 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | «Бақытты балалық шақ» | Әңгіме сағаты | 30.09.22 | |

**Қазан**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Рухани – адамгершілік тәрбие | 1 қазан – қарттар күні «Қарты бардың-қазынасы бар» | Танымдық сабақ | 07.10.22 | |
| 2 | Рухани – адамгершілік тәрбие | **Ұстаздар күні** «Ұстаз –ұлы тұлға» | Танымдық сабақ | 14.10.22 | |
| 3 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | «Оқуға құштар мектеп» | Танымдық сабақ | 21.10.22 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Ғасыр әншісі-Роза Бағланова» 100 жыл | Танымдық сабақ | 13.01.23 | |
| 2 | Ұлттық тәрбие | «Д.Қонаев 110 жылдығы» | Пікір алмасу | 20.01.23 | |
| 3 | Рухани –адамгершілік тәрбиесі | «Адам бойындағы асыл қасиеттер» | Танымдық сабақ | 27.01.23 | |

**Ақпан**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Еңбек және дене тәрбиесі | «Таза болса, табиғат, аман болар адамзат» | Танымдық сабақ | 03.02.23 | |
| 2 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Құқықтық сана-қауымға пана» | Әңгіме сағаты | 17.02.23 | |
| 3 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | «Кім тапқыр?» Жұмбақ шешіп,тыйым сөздер мен жаңылтпаш айтып жарысайық. | Сайыс сабақ | 24.02.23 | |

**Наурыз**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні<br>«Анашым менің,анашым!» | Танымдық сабақ | 03.03.23 | |
| 2 | Еңбек және дене тәрбиесі | «Күн тәртібі не үшін қажет?» | Әңгіме сағаты | 10.03.23 | |
| 3 | Ұлттық тәрбие | «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» | Танымдық сабақ | 17.03.23 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Ұлттық тәрбие | «Дәстүр мен ғұрып» | Білім сабағы | 28.10.22 | |

**Қараша**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | «Бақытты балалық шақ» | Әңгіме сағаты | 11.11.22 | |
| 2 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Қаз дауысты Қазыбек би» 355 жыл | Танымдық сабақ | 18.11.22 | |
| 3 | Еңбек және дене тәрбиесі | «Еңбек-елдің мұраты» | Білім сабағы | 25.11.22 | |

**Желтоқсан**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Еңбек және дене тәрбиесі | «Тән мен жанның тазалығы» | Әңгіме сағаты Медбикемен кездесу | 02.12.22 | |
| 2 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік таңы атқан күн» | Танымдық сабақ | 09.12.22 | |
| 3 | Ұлттық тәрбие | «Үнем-қоғам қуаты» | Танымдық сабақ | 16.12.22 | |
| 4 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | «Мен суретшімін» | Көрме ұйымдастыру | 23.12.22 | |
| 5 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | «Қош келдің Жаңа жыл!» | Мерекелік іс-шара | 30.12.22 | |

**Қаңтар**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| 4 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Қоғамға қызмет» | Білім сабағы | 31.03.23 | |

## Сәуір

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Еңбек және дене тәрбиесі | Денсаулық күні<br>«Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» | Танымдық сабақ | 07.04.23 | |
| 2 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | **Ғарышкерлер күн**<br>**«Аспан әлеміне саяхат»**<br>тәрбие сағаты | Танымдық сабақ | 14.04.23 | |
| 3 | Көркемдік-эстетикалық тәрбие | «Мектептегі бір күн» | Әңгіме сабағы | 21.04.23 | |
| 4 | Еңбек және дене тәрбиесі | «Еңбек түбі - береке» | Танымдық сабақ | 28.04.23 | |

## Мамыр

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Бейбіт күн жасасын әлемде!» | Ерлік сабағы | 05.05.23 | |
| 2 | Отбасы тәрбиесі | «Отбасы-бақыт мекені» | Танымдық сабақ | 12.05.23 | |
| 3 | Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы» 30 жыл | Білім сабағы | 19.05.23 | |
| 4 | Рухани – адамгершілік тәрбиесі | «Сыңғырла соңғы қоңырау» | Мерекелік іс-шара | 26.05.23 | |